

№37 мектеп-лицей

“Салт-дәстүр ізгіліктің бастауы”

Орындаушы: Бақдәулетова Мерей

Сыныбы: 5 «Ә»

Жетекшісі: Арысланова Сания



2017-2018 оқу жылы



Жоспары

Кіріспе бөлім

II. Негізгі бөлім

2.1 АҚШ елі және оның мейрамдары

2.2 «Thanksgiving Day» күнінің шығу тарихы

2.3 «Thanksgiving Day» мерекесі қарсаңында

2.4 Дастархан мәзірі

2.5 Мұсылман халқының бас мейрамы

2.6 Екі мерекенің ұқсастығы

III. Қорытынды

Ұсыныс



Зерттеу мақсаты:

Екі елдің тарихы, салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі және мәдениетін салыстыру.
«Thanksgiving Day» мерекесінің шығу тарихын насихаттау.
Адамдар арасында ізгілікке, бауырмашылдыққа, кешірімшілдікке тәрбиелеу.

Зерттеу міндеттері:

- Ізгілікке тәрбиелейтін ағылшын тілінде сөйлейтін елдердің салт дәстүрлерін зерттеу;
- «Thanksgiving Day» мерекесінің шығу тарихын зерттеу;
- Мұсылман елдеріндегі Айт мерекесі мен «Thanksgiving Day» мерекесін салыстыру

Зерттеу өзектілігі:

Жаһандану заманында өмір сүріп жатқан әр елдің озық салт дәстүрінің негізінде жатқан ізгілікті, мейірімділікті насихаттау



Америка Құрама Штаттары United States of America

АҚШ туы



АҚШ елтаңбасы



Мемлекеттік тілі Ағылшын тілі

Астанасы Вашингтон

Ірі қалалары Нью-Йорк, Чикаго, Лос-Анджелес, Бостон, Хьюстон,
Вашингтон, Даллас, Питсбург, Балтимор, Сиэтл

Мейрамдары

Мерзім	Қазақша	Ағылшынша	
1 қаңтар	<u>Жаңа Жыл</u>	New Year's Day	
Қаңтардың 3-ші дүйсенбісі	<u>Мартин Лютер Кинг</u> күні	Martin Luther King, Jr. Day	
Ақпанның 3-ші дүйсенбісі	<u>Президент күні</u>	Presidents' Day	<u>Дж. Вашингтонның</u> туған күні
Мамырдың соңғы дүйсенбісі	Ұмытылмайтын күні	Memorial Day	
4 шілде	<u>Тәуелсіздік күні</u>	Independence Day	
Қыркүйектің 1-ші дүйсенбісі	Еңбек күні	Labor Day	
Қазаның 2-ші дүйсенбісі	<u>Колумб</u> күні	Columbus Day	Американы ашқан күні
11 қараша	Ардагер күні	Veterans Day	
Қарашаның 4-ші бейсенбісі	<u>Рахмет айту</u> Рахмет айту күні	<u>Thanksgiving Day</u>	
25 желтоқсан	<u>Иса пайғамбар дүниеге келген күні</u>	Christmas	

Mayflower – Мамыр гүлі



Массачусетс штатына алғаш келіп
түскен кезі



Жергілікті жердің үндістері оларға өздерінің мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігін үйретеді.



Губернаторы Уильям Брэдфорд Құдайға алғыс білдіру үшін, халықтың рухын көтеру, молшылыққа кенелгендері үшін Қайырымдылық күнін ұйымдастырады. 1621 жылы дастархан жайып, жергілікті үндістерді тамаққа шақырады





АҚШ-тың алғашқы президенті Джордж Вашингтон 1789 жылдан бастап Рахмет айту күнін ұлттық мереке ретінде күшіне енгізді.

*Рахмет айту күні
отбасындағы
барлық адамдар
құдай үйіне барып
құлшылық етеді.*



Рахмет айту күні үйлеріне мерекелік дастархан жайып ас ішеді. Дастархан басында отырып осы өмірді сүріп жатқандарына шүкіршілік айтып, бір-біріне тілек айтады.



*Үш күнге созылатын мереке
қарсаңында түрлі ойындар,
кештер, парадтар
ұйымдастырылады.
Қолдарына үлкен құыршақ
алып орталық және үлкен
көшелерді аралап жүреді.*





«Губернатор Уильям Брэдфорд дайындық жасау кезінде дастарханға ас дайындау мақсатында төрт адамды аң аулауға жібереді. Олар жақын жердегі орманнан әрқайсысы бір-біреуден 4 күрке тауық ұстап әкеледі. Сол күрке тауықты отқа жағып пісіріп жейді».

*Табиғаттың байлығын,
молшылығын көрсету
мақсатында дастархан басына
көптеген жеміс – жидектер,
көкөністер, соның ішіндегі ең
бастысы жүгері, асқабақ,
қарақат, қойылады.*



*Алмадан, асқабақтан
печенье, күрке тауық етінен
тұшпара пісіріледі*





«Айт» исламның аса зор мерекесі. Екі айт бар. Ол «Ораза айты», «Құрбан айты» деп аталады. Айт Арабияда ислам дініне дейін қалыптасқан. Ораза айты отыз күн ораза біткеннен кейін болады. Ораза айын «Рамазан айы» деп те атайды. Мұхаммед Пайғамбар Алла тағаланың сөзін Ораза айында естіген.

Құрбан айты да мұсылмандардың бас мейрамы. Ол ораза айтынан соң жетпіс күннен кейін басталып, үш күнге созылады. Бұл Меккеге қажылыққа бару кезінің аяқталуына сәйкес келеді.

Екі мерекенің ұқсастығы

	<i>Рахмет айту күні</i>	<i>Айт мерекесі</i>
1	<i>Өзіндік тарихы бар мереке</i>	<i>Өзіндік діни тарихы бар</i>
2	<i>Арнайы жылына бір рет бекітілген күні бар</i>	<i>Ораза айты отыз күн ораза біткеннен кейін болады. Ораза айтынан соң жетпіс күннен кейін Құрбан айт басталып, үш күнге созылады.</i>
3	<i>Адамдар бір біріне рақымшылық жасайды</i>	<i>Адамдар бір біріне айтқа құтты болсын айтып, «айттық» сұрайды. Ашу, араздық болса, татуласады, қателерін кешіреді</i>
4	<i>Дастархан мәзірінде міндетті түрде күрке тауық еті мен асқабақ болуы тиіс</i>	<i>Әр мұсылман дін құрметіне, аруақтарға бағыштап мал сойып, құрбан шалады. Құрбандыққа шалынатын малдар: қой, ешкі, сиыр және түйе. Бұлардан басқа хайуандар құрбан болмайды.</i>
5	<i>Арнайы парадтар, ойын-сауық, кештер ұйымдастырылады</i>	<i>Екі айт та мұсылман елдерінде үлкен той дәрежесінде өтеді және ол демалыс күндері болып қалыптасқан</i>
6	<i>Міндетті түрде үндістердің киімін киеді</i>	<i>Айт күндері таза киінеді.</i>
7	<i>Тағам әзірлегенде қант қоспайды</i>	<i>Ауру, ақсақ, соқыр, жаралы, қотыр малды құрбандыққа шалуға болмайды.</i>
8	<i>Киім-кешекке мұқтаж жандарға киімдер, сыйлықтар таратып, ал үйсіз, кедей жандарға ас беріледі.</i>	<i>Пітір садақасы осы айда беріледі. Тұрмысы төмен отбасыларына, жетімдерге көмек көрсетіледі.</i>
9	<i>Егер үйге кірген табыс адам басына шаққанда 1,9 доллардан асса – үйсіздерге, кедейлерге ыстық тамақ беріледі, ал егер 19 доллардан асса оларды азық-түлікпен қамтамасыз етеді.</i>	<i>Бір сағ (3.334кг.) құрма немесе бір сағ арпа беріледі.</i>

Ұсыныс:

- Әр жылдың 26 қарашасында қайырымдылық қорлары, жебеушілер мен мейірімді адамдар барлық жарлы-жарымдарға көмек көрсетіп, ерекше жанашырлық пен қамқорлық танытады. Осындай айтулы мерекенің бар екенін баспа беттерінде ақпарат беріп насихатталса, кең көлемде, халықаралық дәрежеде тойланса деймін;
- Мектепте, сабақ барысында өзге елдің мәдениетін өз еліміздің мәдениетімен байланыстыра, салыстыра отырып көптеп мағлұмат берілсе;
- Тек мерекеге күні ғана емес басқа уақыттарда да айналамыздағы жандарға көмек көрсетіп, тек қана жақсы сөздер айтсақ деймін.